



АУЫЛ ӘКІМДЕРІ ИНСТИТУТЫ:

Президент қандай
басымдықтарды айқындады?

2

Almaty AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №107 (6669) 2 желтоқсан, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ЖҰМЫС САПАРЫ

БАРЛЫҚ АУДАНҒА ТЕҢ ӘРІ ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ

Қала басшысы «Рахат – Мәдениет» шағынауданы тұрғындарымен кездесті



Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапары аясында «Рахат – Мәдениет» шағынауданының тұрғындарымен кездесіп, инженерлік желілерді дамыту жобасының жүзеге асырылуымен танысты.

Жұмыстардың жалпы көлемі 131,72 шақырым су және кәріз желілерінің құрылысына бағытталған. Бүгінгі таңда 65,5 шақырым су желісі мен 55,4 шақырым кәріз желісі аяқталды. Жобаның жүзеге асырылуы шағынауданды орталықтандырылған сумен жабдықтау және кәріз жүйесімен 100 пайыз қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде 2882 абонентті қосуға және 14 528 тұрғынды инженерлік қызметтермен қамтылады. Жұмыс толық аяқталған аумақтарда жолдарды асфальттау басталды. Жол құрылысы жұмыстарының негізгі бөлігі келесі жылға жоспарланған.

Кездесу барысында тұрғындар емхананың алыстығы, Үлкен Алматы каналының (БАК) арнасын көріктендіру, сондай-ақ жаңа қоғамдық кеңістіктерді құру қажеттілігі жөніндегі мәселелерді көтерді. Қала әкімі тиісті басқармаларға әрбір мәселені жан-жақты пысықтап, шешу бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырды. Дархан Сатыбалды қаланың барлық аудандарында тең әрі жайлы жағдай жасау – басты міндеттердің бірі екенін атап өтті.

НАҚТЫ СЕКТОР

АЛМАТЫНЫҢ ИНДУСТРИЯЛЫҚ СЕРПІНІ:

өңдеу өнеркәсібі рекорд жаңартты

Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының мәліметінше, 2025 жылдың қаңтар-қазан аралығында мегаполисте өнеркәсіптік өндіріс көлемі 1 944,2 млрд. теңгеге жетіп, 12,3%-ға артты. Өңдеу өнеркәсібі 13,7%-ға өсіп, жалпы шығарылған өнімдердің 84,5%-дан астамын қамтамасыз етті.

Әсіресе, машина жасау, минералдық өнім, сусын, қағаз бұйымдары, химиялық және фармацевтикалық өнім, сондай-ақ тоқыма, киім және ағаштан жасалған бұйым өндірісінде қарқынды өсім байқалады. Бұл сектордағы өсім қаланың ірі және орта өнеркәсіптік алаңдарындағы өнім өндіру көлемінің артуымен қамтамасыз етілген. Бұған дилерлер, құрылыс компаниялары және сауда желілері тарапынан тапсырыстың көбеюі де ықпал етті.

Жыл басынан бері индустриялық аймақта және «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында жалпы құны 225,3 млрд. теңге болатын 8 жоба іске қосылған. Жыл соңына дейін 80,2 млрд. теңге көлеміндегі тағы 10 жобаны енгізу жоспарланып отыр.

Индустриялық аймақ аумағында жалпы құны 655,8 млрд. теңге болатын және ондаған мың жұмыс орнын құрған жүзден астам кәсіпорын жұмыс істейді. Биыл жаңа нысандар пайдалануға беріліп, 3 мыңнан астам жұмыс





орны ашылды, сондай-ақ шағын өнеркәсіптік парктер іске қосылды, – деп хабарлады Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының өкілдері.

Сонымен қатар, «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймақ аумағында цифрлық технология, күн панельдері және медициналық жабдық өндіру салаларында жобалар жүзеге асырылған. Жыл соңына дейін тағы екі жаңа инвестициялық жобаны іске қосу көзделіп отыр. Қазіргі кезде

«Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында 193 қатысушысы тіркелген. Онда салынған инвестиция көлемі 258 млрд. теңгеге жетсе, тауар, жұмыс және қызмет өндірісінің көлемі 1 трлн. теңгеден асты. Экспорт көлемі – 17,8 млрд. теңге, салық түсімі – 72 млрд. теңге, ашылған жұмыс орындарының саны – 6974.

Әзірлеген
Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



9 772223 123706

АУЫЛ ӘКІМДЕРІ ИНСТИТУТЫ:

Президент қандай басымдықтарды айқындады?

28 қарашада Астанада Ауыл әкімдерінің диалог-платформасы өтті. Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, ауылды өркендету, ауыл әкімдері институтын одан әрі жетілдіру міндеттерін айқындады. Сондай-ақ, еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды мәселелеріне тоқталды.

Алғашқы тікелей кездесу

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдан бері ауыл әкімдерінің жағдайына және ауылдың дамуына ерекше мән беріп келеді. Бұл Президент жүзеге асырып келе жатқан саяси реформаның бір бөлігі болып саналады. Әкімдерді сайлау үдерісі де ауылды жерден бастап енгізіле бастады. 2020 жылы Президент халыққа Жолдауында ауыл әкімдерін сайлауды ұсынған еді. Бүгінде еліміз бойынша 2334 ауыл әкімі сайланды.

Ауыл әкімдерінің диалог-платформасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев сөз сөйледі.

Елімізде осындай ашық платформа арқылы ауыл әкімдерінің Мемлекет басшысымен тікелей кездесуі алғаш рет өткенін айта кеткен жөн. Жиында ауыл әкімдерінің басым көпшілігі бас қосты. Бұл билік тармақтары арасындағы вертикаль байланыстың берік екенін және ауыл әкімдерімен биліктің тікелей диалог орнатуға ниетті екенін көрсетеді.

Сондай-ақ, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Қоскөл ауылдық округінің әкімі Әділет Мұсағали, Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Вагулино ауылдық округінің әкімі Ирина Шишкина, Алматы облысы, Талғар ауданы, Нұра ауылдық округінің әкімі Ахмет Оразбаев, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Қарасаз ауылдық округінің әкімі Жанар Нұрмұратқызы, Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Тәңірберген ауылдық округінің әкімі Медет Бекжанов, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Владимир ауылдық округінің әкімі Әлия Жүнісова, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Райымбек ауылдық округінің әкімі Ержас Тоқтасынов, Абай облысы, Көкпекті ауданы, Шұғылбай ауылдық округінің әкімі Нұрлан Назарханов сөз сөйлеп, ауылдың және ауыл әкімдерінің жұмысындағы түйткілді мәселелерді көтерді.

Бес негізгі басымдық

Президент форумда сөйлеген сөзінде ауылды дамытуға қатысты жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталды. Олар төмендегідей:



(Дереккөз: akorda.kz)

Ауыл әкімдері міндетті түрде білікті маман болуы тиіс. Бүгінге дейін сайланған 2334 әкімнің 60%-ға жуығы осы қызметте бұрын жұмыс істемеген. Сондықтан Президент әкімдердің біліктілігін ұдайы арттырып отыру керек екенін айтты. Бұл бағытта «Amanat» партиясының бастамасымен «Әкімдер мектебі» жобасының сәтті екенін атап өтті. Бұдан бөлек, Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне ауыл әкімдерін даярлауға белсенді араласуды тапсырды.

Ауыл әкімдерінің өкілеттіктерін күшейту керек. Президент жергілікті билік органдарының кезең-кезеңімен қосымша өкілеттікке ие болып, олардың дербестігі артқанын айтты. Бірақ бұл жұмыс жалғасуы керек екенін мәлімдеді. Бұл бағытта Мәжіліс қарастырып жатқан «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға енгізілетін түзетулерге мән беруге шақырды. Аталған нормалар әкімдерге көше саудасына мониторинг жүргізуге, қоғамдық аумақтарды абаттандыруға, арнаулы техникалар сатып алуға қатысты өкілеттіктер беруді көздейді.

Өкілеттігімен қатар жауапкершілігі де күшеюі керек. Мемлекет басшысы «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңда әкімнің сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін нақтылайтын норма жоқ екенін мәлімдеді. Президенттің пікірінше, бұл дұрыс емес. Себебі, әкімдер тұрғындарға сайлау алдындағы бағдарламасының орындалуы туралы жиі есеп беріп тұруға тиіс.

Төртінші деңгейлі бюджеттің дербестігін арттыру. Президент әкімдердің өкілеттігін қайта қарау мен жауапкершілігін күшейту экономикалық ресурстарды рационалды бөлумен қатар сауатты жүргізілуге тиіс екенін айтты.

Шынында да, кез келген әкімшілік реформа өкілеттілік, жауапкершілік және бюджеттің теңгерімі сақталған кезде ғана сәтті жүзеге асады. Сондықтан Мемлекет басшысы бюджеттің төртінші буынын дамытуға назар аударды. 2018 жылдан бері осы өзгеріс енгізіліп, ауылға келетін түсім 4 есе өскен.

Осыған орай бұл бағытта ары қарай өзгеріс енгізуді тапсырып, жергілікті бюджетке қосымша түсім жолдарын атап өтті. Айталық, «Салықты жұмыс істейтін және табыс табатын жерде төле» қағидатын енгізу. Яғни ауылды жерде жұмыс істейтін кәсіпорын сол жердің бюджетіне салық төлеуі тиіс.

Елімізде ауылда жұмыс істесе де, ауданға салық төлейтін кәсіпорындар бар. Президент бұған өзгеріс енгізуді ұсынды. Сонымен бірге, заңды тұлғалардың мүлік және жеке табыс салығының белгілі бір бөлігі аудандардың қосымша трансферттері арқылы төртінші деңгейлі бюджетке аудару, өндіріс орындары экологияға шектен тыс зиян келтіретін елдімекендердегі төлемдердің бір бөлігі жергілікті бюджетке өтуі тиіс.

Ауылдағы кәсіпкерлікті өркендетуге баса мән беру керек. Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту мәселесін тағы көтерді. Сондай-ақ, оңтүстік өңірлерде ирригация мәселесін шешу қажеттігін айтты. Бұдан бөлек, ауылды дамыту үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының әлеуетін кеңінен пайдаланған жөн екенін мәлімдеді.

Ауыл әкімдерін не алаңдатады?

Форумда Мемлекет басшысы ауыл әкімдерінің еркін пікір айтып, ұсыныстарын ортаға салуға шақырды. Осыған орай бірнеше ауыл әкімі ауылды дамы-

туға және әкімдердің жұмысына қатысты бірнеше ұсынысын жеткізді. Солардың қатарында Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Вагулино ауылдық округінің әкімі Ирина Шишкина ауыл әкімдерінің мемлекеттік дерек қорларына қолы жетпей отырғанын баса айтты. Мемлекет басшысы осы салаға жауапты Премьер-министрдің орынбасары Жаслан Мәдиевтен аталған жағдайды түсіндіруді талап етіп, мәселені шұғыл шешуді тапсырды. Сондай-ақ, И.Шишкина шекара маңындағы ауылдарды дамыту, заңды тұлғалардан жиналатын салықтың бір бөлігін елдімекендерге беру мәселелерін көтерді.

Мінберге көтерілген Абай облысы, Көкпекті ауданы, Шұғылбай ауылдық округінің әкімі Нұрлан Назарханов ауыл әкімдері алаңсыз жұмыс істеуі үшін заңнамаға өзгеріс енгізуді ұсынды. Ал Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Тәңірберген ауылдық округінің әкімі Медет Бекжанов елдімекен әкімдері өз міндеттеріне жатпайтын жұмысты атқаратынын жеткізді.

Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Қарасаз ауылдық округінің әкімі Жанар Нұрмұратқызы ауылдағы кадр тапшылығы мәселесін қозғады. Сондай-ақ, «Таза Қазақстан» бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды. Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Қоскөл ауылдық округінің әкімі Әділет Мұсағали мемлекетке қайтарылған жерлерді ауыл тұрғындарына бөлу процесі әділ әрі ашық жүргізілуі керек екеніне назар аударды.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Алматы атаулы жылдың серпінін сақтап қалады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жарияланған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аяқталуға жақын. Дегенмен, атаулы жылда айқындалған қарқын мен серпін сақталып, алдағы уақытта одан әрі арта түспек. Алматы үшін бұл кезең техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесін жаңғыртудың бастау нүктесіне айналды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Нақтырақ айтқанда, жаңа сапа стандарттары, басымдықтар мен даму бағыттары белгіленді. Себебі, колледждер қаланың экономикасына қажет кадрларды даярлайтын негізгі буын болып отыр. Алматы құрылыс-техникалық колледжінің базасында қала әкімінің орынбасары Абзал Нүкеновтің төрағалығымен мегаполистегі ТЖКБ жүйесін дамыту мәселелері бойынша кеңейтілген жиын өтті. Жиынға білім басқармасы, колледждер басшылығы, прокуратура өкілдері, Білім сапасын қамтамасыз ету департаменті, Полиция департаменті және «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының өкілдері қатысты.

Кездесу Жұмысшы мамандықтар жылының қорытындыларын бекітіп, қол жеткізілген нәтижелерді тұрақты тәжірибеге айналдыруды мақсат етті. Айталық, мамандар даярлау мазмұнын жаңартудан бастап, колледждердегі қауіпсіздік пен тәрбие жұмысын күшейтуге дейінгі қадамдар талқыланды. ТЖКБ жүйесінде қаланың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын кәсіби әлеует қалыптасатыны атап өтілді.

МӘСЛИХАТ

ЖАҢА ҚАРЖЫЛЫҚ ШЕШІМДЕР

Салық мөлшерлемесі 3% болып бекітілді

Достық үйінде Алматы қаласы мәслихатының кезекті XXXVIII сессиясы өтті. Жиын барысында Алматы қаласының 2025 жылға арналған бюджеті нақтыланды. Премьер-Министрдің тұрақтандыру қорларының қаржыландыру көлемін арттыру және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін кеңейту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, бағаны тұрақтандырумен айналысатын ұйымдарды кредиттеуге жергілікті бюджеттен 8 млрд. теңге бөлінді.

– Бұл шаралар азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға, инфляция деңгейін төмендетуге және тұтынушылар үшін бағаның қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған, – деді Алматы қаласы Экономика және қаржы басқармасының басшысы Бауыржан Құдайбергенов.

Одан бөлек, «Құрамыс» шағынауданында салынып жатқан емхананың құрылысын жалғастыру үшін 700 млн. теңге қарастырылды. Қаражат нысанды 2026 жылғы тамыз айында уақытылы пайдалануға беру үшін бөлінді. Сондай-ақ, «Рахат», «Мәдениет» және «Боралдай» шағынаудандарындағы жол құрылысын жалғастыру мақсатында 1,8 млрд. теңге бөлінді. Ал қалаішілік бағыттар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау үшін 10 млрд. теңге берілді.

– Бұл тұрғындар үшін қоғамдық көлік қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді, – деді Бауыржан Құдайбергенов.



Жиын басында Абзал Нүкенов колледждердің қала экономикасына қажетті мамандар даярлаудағы маңызды рөлін атап өтіп, ТЖКБ жүйесінің қазіргі жай-күйіне және Президент жүктеген міндеттерге тоқталды. Сонымен қатар, ол WorldSkills Kazakhstan ұлттық чемпионатында Алматы қаласының атынан қатысатын команда мүшелерін құттықтап, сәттілік тіледі.

Жиында «Заң және тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру, жастар арасында құқықтық мәдениет пен құқықтық сананы қалыптастыру, азаматтық және құндылықтық бағдарларды нығайту, кәметке толмағандардың құқықтарын қорғау және жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Осыған байланысты прокуратура және полиция өкілдері студенттердің қауіпсіздігіне қатысты негізгі тәуекелдерді, прокурорлық қадағалау шараларын және

заңнаманы сақтау бойынша ТЖКБ ұйымдары басшыларының жауапкершілігін түсіндірді. Сондай-ақ, колледждердің ювеналдық полициямен, сүйемелдеу қызметтерімен және «тәуекел тобындағы» отбасылармен жұмысын күшейтіп, алдын алу шараларын жүйелі жүргізуді ұсынды.

Білім сапасын қамтамасыз ету департаменті (БСҚЕ) 2025 жылғы ТЖКБ ұйымдарына жүргізілген бақылау-қадағалау жұмыстарының қортындысын таныстырып, проблемалық бағыттарды және білім беру процесінің сапасын арттыру мен мемлекеттік стандарттардың орындалуын қамтамасыз етуге қатысты келесі қадамдарды атап өтті.

Бизнес пен білімнің әріптестігіне арналған бөлімде «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы колледждер мен жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге қатысты ұсыныстарын ортаға салды. Соның қатарында дуалды оқытуды

дамыту, бизнес өкілдерінің материалдық-техникалық базаны жаңартуға қатысуы, оқу бағдарламаларын еңбек нарығының нақты сұраныстарына бейімдеу, заманауи өндіріс пен қызмет көрсету саласының талаптарына дайын мамандар даярлау сынды ұсыныстар жасалды. Сонымен бірге, жергілікті кәсіпорындармен бірлесе отырып арнайы Кеңес құру және көктемнен бастап хакатон форматында шаралар ұйымдастырылатындығы айтылды.

Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденов Президенттің бастамасы мен Жұмысшы мамандықтар жылының өткізілуінің арқасында колледждер мен жалпы ТЖКБ жүйесіне жаңа деңгейде талап қойылғанын атап өтті: енді жай ғана түлек емес, бәсекеге қабілетті, икемді, тәртіпті мамандар даярлау күтіледі. Алдағы кезеңнің басымдықтары ретінде студенттермен тәрбие және алдын алу жұмыстарын күшейту, қауіпсіздік мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды дамыту, білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру, әлеуметтік және индустриялық әріптестікті нығайту белгіленді.

Жиын қорытындысы бойынша ТЖКБ жүйесінде кадр даярлау, колледждердегі қауіпсіздік пен құқық тәртібін қамтамасыз ету, тәрбие жұмысын нығайту, мемлекеттік органдар және бизнес қауымдастығымен ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ барлық студенттер үшін қолайлы, қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған шаралар кешенін қамтитын резолюция қабылданды.

Алматыда Жұмысшы мамандықтар жылы аяқталған атаулы кезең емес, керісінше техникалық және кәсіптік білім жүйесін, мегаполистің ұзақ мерзімді кадрлық саясатын қалыптастырудың жаңа бастауы ретінде қарастырылуда.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Сессия барысында Алматы қаласы мәслихатының депутаттары шағын бизнеске арналған жаңа арнайы салық режимі бойынша мөлшерлемені 3 пайызға дейін төмендету туралы ұсынысты бірауыздан қолдады. Бұл шешім 2026 жылы күшіне енетін жаңа Салық кодексі аясында қабылданды. Кодекске сәйкес, базалық мөлшерлеме 4 пайыз болып белгіленген, алайда өңірлерге оны 2–6 пайыз аралығында реттеу құқығы берілген.

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы

Берікбол Мәндібаевтың айтуынша, мөлшерлемені 3 пайыз деңгейінде сақтау кәсіпкерлерге түсетін қосымша жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Бүгінде Алматыдағы шағын бизнес субъектілерінің басым бөлігі 3 пайыз мөлшерлеменен қолданыстағы жеңілдетілген режимде жұмыс істейді. Егер мөлшерлеме артқан жағдайда, бұл компаниялардың қаржылық тұрақтылығына теріс әсер етуі мүмкін еді. Ең бірінші, ауыртпалық B2C сегменті: үй маңындағы дүкендер, қызмет көрсету орталықтары, сұлулық салондары, жөндеу шеберханалары және халыққа бағыттал-

ған өзге де кәсіпорындарға түседі. Сондықтан мөлшерлемені 3% деңгейінде сақтау Алматының шағын және микро-бизнесінің бәсекеге қабілеттілігін қорғауға бағытталған.

Депутаттар бастаманы қолдай отырып, салық мөлшерлемесін төмендету қала бюджетінің кіріс бөлігіне ықпал етуі мүмкін екенін атап өтті. Өз кезегінде Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов бұл мәселе депутаттармен, бизнес қауымдастығымен және Мемлекеттік кірістер департаментімен егжей-тегжейлі талқылانғанын айтты.

– Бұл расында да, ең күрделі мәселелердің бірі. Біздің міндетіміз – бір жағынан салық базасын кеңейту, екінші жағынан кәсіпкерлік белсенділікті қолдау. Барлық тәуекел ескерілгеннен кейін мөлшерлемені 3 пайызға дейін төмендету ұсынысы енгізілді, себебі бұл 200 мың алматылық кәсіпкердің тағдырына қатысты мәселе. Бюджет шығындары бойынша тәуекелдердің өтелетініне сенімдіміз. Бұл шешім бизнестің көлеңкеден шығуына, кәсіпкерліктің жандануына және компаниялардың басқа өңірлерге тіркелуінің алдын алуға ықпал етеді. Жалпы алғанда, бір жыл ішінде салық базасының азаймай, керісінше ұлғаюын күтеміз.

Сонымен қатар, келесі жылы республикалық бюджетке 490 млрд. теңге көлемінде қомақты қаражат беру жоспарланған (биыл – 250 млрд.). Соған қарамастан, біз алматылық кәсіпкерлерді қолдау жөнінде шешім қабылдадық, – деді қала әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ПРЕСС-ТУР

БОЛАШАҚҚА БҮГІНГІ ҚОЛДАУ

Алматы колледждері өндіріс алаңында бақ сынады

Қазір Алматы қаласындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитын студенттер өндірістік тәжірибеден өту үстінде. Осыған орай қалалық Білім басқармасы ТжКБ жүйесінде дуалды оқыту формасын іске асырып жатқан колледж студенттері өндірістік практикадан өтіп жатқан компанияларда баспасөз туры өткізді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Кең мүмкіндік


Қаладағы колледждердің материалдық-техникалық базасын күшейтуге Алматы әкімдігі тарапынан қомақты қаражат бөлінген. Осынау қолдаудың арқасында шеберханалар, зертханалар жаңартылып, студенттердің теориялық біліммен қатар практикалық дағдыларын дамытуға кеңінен мүмкіндік алды.

Өндірістік тәжірибе болса студенттердің таңдаған мамандығын терең меңгерудегі маңызды кезең. Сондықтан Алматы колледждері биылғы тәжірибені жергілікті кәсіпорындармен, сервистік компаниялармен, өнеркәсіптік ұйымдармен және әлеуметтік нысандармен тығыз ұйымдастыруда.

Колледж студенттері құрылыс, ақпараттық технологиялар, сервис, медицина, транспорт, дизайн, тамақ өндіру сияқты салаларда нақты жұмыс жағдайымен танысып, өндірісте қолданылатын жаңа технологиялармен жұмыс істеуге машықтануда. Кәсіпорын мамандары оларға кәсіби бағыт-бағдар беріп, еңбек тәртібі мен қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді. Колледждер бұған қоса, әлеуметтік серіктестермен де белсенді жұмыс жүргізген. Мәселен, студенттердің 40 пайызы колледжде теория оқыса, 60 пайызы кәсіпорындарда тәжірибеден өтеді.

Тиімді модель

БАҚ өкілдері алдымен «Алматы автомобиль және сән индустриясы колледжі» студенттері өндірістік тәжірибеден өтіп жатқан «КазСПО-Н» ЖШС мекемесіне бас сұқты. Аталмыш кол-



ледж өндіріске қажетті жеңіл өнеркәсіп саласы мамандарын даярлайды. Оқу орнының «Тігін өндірісі» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері Мәдина Төлебаеваның айтуынша,

студенттер колледжде 1-2 курста бастапқы практикалық білім, яғни бөлшектерді жеке-жеке өңдеуді, жеңіл бұйымдарды өңдеуді толық меңгереді. Ал 3-курста тәжірибені тікелей кәсіпорында өткізеді. Бұл – білім мен өндірістің тығыз байланысын қамтамасыз ететін тиімді модель. Өйткені, студент нақты жұмыс орнында дағды қалыптастырып, мамандармен бірге жұмыс істеп, жаңа технологиялармен танысады. Осылайша тәжірибесі бар, дайын маман ретінде еңбек нарығына шығады.

«ҚазСПО-Н» ЖШС-де өндірістік тәжірибеден өтіп жатқан 3-курс студенті



Айлин Қамбарбай мұндағы инновациялық процестер туралы айта келе, өзінің тігіншілікке төселіп қалғанын жеткізді. Өндірістік тәжірибенің арқасында осы саланың қыры мен сырын едәуір меңгеріп алдым дейді болашақ маман.

Қаламыздағы байырғы мекемелердің бірі болған мейрамхана қазір «Grand Zina» деп аталады. Мұнда Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің жас мамандары өндірістік тәжірибеден өтіп жатыр. Колледждің өндірістік оқыту шебері Мейіржан Әлімтайқызы былтыр оқу орнын бітірген 589 студенттің 90 пайызы жұмыспен қамтылғанын жеткізді:

– Колледжімізде дуалды оқыту сапалы жұмысшы мамандарды даярлаудың негізгі тетігі саналады. Мемлекеттік стандартқа сәйкес дуалды жүйеде білім берудің 60 пайызы нақты өндірістік ортада өтсе, студенттер негізгі тәжірибені сол жерде алады. Алматы қаласы әкімдігінің, Білім басқармасының және колледждің әлеуметтік серіктестерінің қолдауымен биыл дуалды оқыту аясын кеңейтіп жатырмыз. Бұл бізге елімізге қажет жұмысшы мамандықтарын әрі қарай дамытуға мүмкіндік береді, – дейді.

Серіктестік нәтижесі

Болашақ наубайхана ісінің мамандарының жұмысына мейрамхана басшылығы да риза. Жас мамандардың өндірістік жетекші Олег Созыкин былай дейді:

– Алматы мемлекеттік бизнес колледжімен ынтымақтастығымыз ертеден жалғасқан, екі жақты меморандум бар. Студенттер бізге үшінші курстан бастап келеді. Біздің негізгі мақсатымыз – дуалды оқыту аясында студенттерді дайындаймыз. Студенттерді алдымен қауіпсіздік талаптарына, содан кейін нақты іске үйретеміз, бұл өте маңызды. Әрине, жастардың жұмысқа бейімделуі алғашында қиынға соғады, бірақ тез дағдыланады. Осындағы жұмысшылардың жартысына жуығы аталған оқу орнын бітіргендер. Демек, жақсы қырынан көрінген студенттер осында жұмысқа да қала алады, – дейді жетекші.

«Алматы технология колледжі» мен «Алматы балалар әлемі» ЖШС арасындағы серіктестік студенттердің қажетті кәсіби дағдыларды өндіріс базасында меңгеруіне мүмкіндік береді. Бұл олардың еңбек нарығына шыққанда бәсекеге қабілетті болуына және жұмыс беруші талабына сай маман болып қалыптасуына ықпал етеді.

Колледждің оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Гүлнар Жүнісбекқызының айтуынша, қос тарап 2019 жылдан берік тиімді серіктестік орнатқан.

– Біз маркетинг мамандығы бойынша мерчандайзер, сатушы бағытында кадр даярлаймыз. Қазір 100 студент серіктестіміздің 12 филиалында тәжірибеден өтуде. Әр филиалда тәлімгерлер бекітілген, олар студенттерге күнделікті бағыт-бағдар береді. Сонымен қатар, грант негізінде ойын-сауық кешеніндегі жобадан екі топ тұрақты түрде жұмыс істеп, еңбекақы алып жүр. Биыл біздің бір түлегіміз осы жерде жұмысқа қабылданды. Дуалды оқытудың артықшылығы – студенттер аптасына алты күн, күніне алты сағаттан нақты өндірісте тәжірибе жинайды. Осының бәрі «Алматы балалар әлемі» ЖШС сынды серіктесіміз арқылы жүзеге асуда, – деді ол.





ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

БАУЫРЛАС ЕЛДІҢ МҮДДЕСІ БІР

Қырғызстан делегациясы Алматының тәжірибесімен танысты



(Сурет: автор)

ҚР Мәдениет және ақпарат вице-министрі Қанат Ысқақов мәдениет және білім саласында жүзеге асырылып жатқан тың жобалар туралы айтып өтті. Сондай-ақ, Алматыдағы жаңа инновациялық тәсілдермен жұмыс істеп жатқан 11 комьюнити-орталықтың мақсат-мүддесі, жетістігі таныстырылды. Айта кетейік, биылғы 10 айда қаланың комьюнити-орталықтарында 2 мыңнан астам іс-шара өткізіліп, олар 535 мың жасөспірім мен жас азаматты қамтыған. Қырғыз делегациясы қазақстандық креативті жастар үшін жасалып жатқан осынау заманауи қадамдарға жоғары бағасын берді.

Делегация Еңбек мобильділігі орталығының жұмысына да қызығушылық танытты.

Өз кезегінде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова қонақтарға орталықтың жұмысы туралы, тың бағдарламаларын, біздегі еңбек ұтқырлығын арттыру тәсілдерін, жұмыспен қамту саласындағы цифрлық шешімдер мен білікті кадрларды даярлау мүмкіндіктерін баяндады.

Қырғыз елінен келген әріптестер Сәтбаев университетінде де болып, қазақстандық жоғары оқу орындары базасында ашылған шетелдік филиалдардың жұмысы, инфрақұрылымы, ғылымы және Қазақстанның алғашқы техникалық университетінің ғылыми жобаларымен танысты. Меймандар университеттің негізгі ғылыми және білім беру бөлімшелерін аралап, Stroytech технологиялық паркі, Халықаралық озық функционалдық материалдар және олардың композиттері жөніндегі R&D орталығы, Porsche және Astana Motors аудиторияларында болды. Әсіресе City University of Hong Kong филиалы мен MIT FabLab өндірістік зертханасына баса назар аударылды.

Бұл сапар Қазақстан мен Қырғызстан елдері арасында білім, ғылым, денсаулық және әлеуметтік салалардағы инновация бойынша ынтымақтастықты нығайтуда тағы бір маңызды қадам болды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Эдиль БАЙСАЛОВ,
Қырғыз Республикасы Министрлер кабинеті төрағасының орынбасары:

Қазақстандық жобаларды зерделеу біз үшін маңызды

Біз мектепте болдық, ауруханаға бардық. Жастарға арналған орталық-тың да тыныс-тіршілігімен таныстық. Ашығын айтқанда, сіздерде медицина, білім және әлеуметтік сала өте жоғары деңгейде дамыған. Қазақстаннан келген әріптестермен біз халықаралық форумдар мен конференцияларда жиі жүздесеміз. Әркез пікір алмасып отырамыз. Біз Еуропа, Орталық Азия, АҚШ және Африка тәжірибесін зерттеуге тырысамыз.

Өткен жылы Қазақстанның Премьер-министрі Олжас Бектенов Қырғызстанға келді. Сол жүздесуде кері байланыс орнату туралы сұрадық. Біздің елге іргелес жатқан мегаполис – Алматы, сондықтан осы қаланы таңдадық. Мұнда жүзеге асырылып жатқан жобаларды зерделеу біз үшін маңызды. Екі бауырлас халықтың достығы берік. Көптеген ортақ идеямыз бар. Қазақстан қазір белсенді дамып келеді, әрдайым алға жылжуда. Ал Қырғызстан сол көштен қалмауға ұмтылады.

НАҚТЫ СЕКТОР

ТҮРКСІБ ТҮРЛЕНІП КЕЛЕДІ

Ауданда 247 шақырым инфрақұрылым жаңартылды

Алматының Түрксіб ауданында биыл инженерлік желіден тартып, мектеп пен емхана құрылысына, көгалдандыруға дейін ауқымды жаңғырту жүргізілді. Инфрақұрылымы жаңарып, жасыл аумақтары кеңейген, әлеуметтік нысандары көбейген аудан дамудың жаңа кезеңіне қадам басып отыр.



Мектеп пен балабақша көбейді

Ауданда әлеуметтік нысандар да бірге дамуда. Биыл №59 мектеп-гимназия жаңартылып, жатақханасы бар Телекоммуникация колледжі пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін төрт жаңа мектеп ашылып, 6100 оқушы орны толықтырылады. №50 мектептің сейсмикалық күшейтілуі аяқталып, ПК Қонаевтағы 260 орынды балабақша іске қосылады.

«Жас қанат» шағынауданында Шығармашылық дамыту орталығының құрылысы жүріп жатыр. 2026 жылы №170 мектепке 125 орынды ғимарат қосылып, №78 мектеп 450 орынға кеңейеді. Алтай, Әлмерек және Огарев көшесіндегі балабақшалар жобаланып жатыр.

Денсаулық нысандары жаңғырды

Биыл «Жұлдыз» ықшамауданындағы №20 емхана күрделі жөндеуден өтті. Жыл соңы-

на дейін Айбасов көшесінде 200 адамдық амбулатория ашылып, №4 қалалық клиникалық аурухананың қабылдау бөлімі жаңарады.

Наманганская көшесінде тәулігіне 500 адамға қызмет көрсететін емхананың құрылысы келер жылдың тамыз айында бітпек. Сонымен қатар, екі амбулатория, №24 емхана, Фтизиопульмонология орталығы және №8 клиникалық аурухананың күрделі жөндеуге арналған құжаттамасы әзірленуде. «Қайрат» шағынауданында 340 адамдық жаңа емхана салу жоспарда.

Қоғамдық кеңістіктер кеңейді

Түрксіб Алматының ең жасыл аудандарының бірі мәртебесін сақтап келеді. Ауданда 772,5 мыңнан астам ағаш, 63 жасыл аймақ бар. Биыл 1190 кесек ағаш пен 55,6 мың бұта отырғызылып, 20 мың ағаш кесіліп, 2800-і қырқылды. Майлин, Бұқтырма, Құлжа, Сүйінбай және Сейфуллин көшелерінің бойы абаттандырылып, бұта егіліп, автосуару жүйелері орнатылды. Келесі жылы да үлкен көлемде көгалдандыру жүргізіліп, Ақан сері, Хасанғалиұлы, Шолохов және Рысқұлов көшелері жасылданады.

Түрксіб ауданындағы биылғы жұмыстар инфрақұрылым, әлеуметтік салалар және көгалдандыруды қатар дамытқан тұтас жаңғырудың көрінісі.

Алматыда бухгалтерлік есеп деректерін бақылау жөнінде кеңейтілген жиналыс өтті. №221 жалпы білім беретін мектепте өткен басқосуға бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен олардың бағынышты ұйымдары, соның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілері қатысты. Іс-шара барысында бухгалтерлік операциялардың Бірыңғай деректер қоймасына (БО БДҚ) толық және уақытылы жеткізілуін үздіксіз бақылау мәселесі талқыланды.

БЮДЖЕТ АШЫҚТЫҒЫ

Алматыда есептілік бойынша кеңейтілген жиын өтті

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ



Қатысушылар жергілікті атқарушы органдар мен олардың бағынышты ұйымдары тарапынан деректердің сапасы мен уақытылы берілуін қамтамасыз етудің тиімді жолдарын қарастырды. Жиналыстың негізгі мақсаты – бюджеттік қаражаттың ашықтығы мен қаржылық есептіліктің сенімділігін арттыру.

Айта кетейік, Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен білім беру, денсаулық сақтау және қаржы салаларын цифрландыру мәселелері бойынша өткізген болатын. Осымен бірге Қаржы министрлігіне бірқатар ауқымды шаралар бекітілген еді.

Соның бірі – білім саласы, денсаулық саласы және мемлекеттік орындаушылардың жиындарын ашып, осы біртұтас деректер қорын құру Алматы қаласы бойынша міндеттелген болатын. Бұл жөнінде және кезекті басқосудың мақсаты жөнінде Алматы қаласы Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің қаржылық аудит бөлімінің басшы-

сы Ардақ Шакирова кеңінен түсіндіріп өтті:

– Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті бүгін Алматы қаласының Ішкі білім департаментін, Ішкі саясат департаментін, Денсаулық сақтау департаментінің басқармаларын жинап, басшылармен және бас бухгалтерлердің қатысуымен осындай іс-шара жүргізіп отыр. Осы іс-шараның аяғында Zoom платформасы арқылы тікелей Қаржы министрлігінің техникалық қолдау орталығы қосылып, алға қойған мақсатты қалай жүзеге асырумен осындай іс-шаралар жүргізіледі. Енді Алматы қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит басқармасының басқаруымен алдағы уақытта әрбір орындаушы органдардың осы базаға өзінің қаржы саласы бойынша мәліметтерін уақытылы толтыруы қадағаланады, – деді Ардақ Кызырбекқызы.

Жиынға қатысушылар тәжірибе алмасты, үздік практикаларды енгізу жолдарын талқылады. Іс-шараны ұйымдастырушы – Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

МЕРЕЙТОЙ



ҰСТАЗ РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Асқар Токпановтың 110 жылдығы аталып өтті

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында қазақ театр педагогикасының негізін қалаушы, тұңғыш кәсіби театр режиссері, профессор Асқар Токпановтың 110 жылдық мерейтойы аталып өтті. Бұл маңызды іс-шара ұлттық театр өнерінің тарихы мен қазіргі дамуы арасындағы сабақтастықты сақтау, Асқар Токпановтың педагогикалық және шығармашылық мұрасын ұлықтау әрі жаңа буынға рухани бағыт беру мақсатында ұйымдастырылды.

Дана САДЫРҚАН

Еске алу рәсімінен басталған іс-шарада ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев пен Академия ректоры Арман Жүдебаев Асқар Токпановтың ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Одан кейін іс-шара Асқар Токпанов атындағы оқу театры тақтайшасының лента қию рәсіміне ұласты. Күрделі жөндеуден өткен Оқу театрына Асқар Токпановтың есімі берілді. Іс-шара аясында «Қазақ театр педагогикасы және қазіргі білім беру сала-сындағы жаңа үрдістер» атты халықара-лық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылды. Қонақтар назарына Асқар Токпановтың өнері мен өмірі жайында дайындалған деректі фильм ұсынылды. Конференцияға көршілес Өзбекстаннан Ph.D, доцент Анавар Исмо-лов, Қырғызстаннан өнертану кандида-ты, профессор Жаныш Құлмамбетов

арнайы келді. Конференцияның пленар-лық отырысында ҚР еңбек сіңірген қай-раткері, өнертану кандидаты, профессор Аман Құлбаев, өнертану докторы, про-фессор Бақыт Нұрпейіс, сонымен қатар Асқар Токпановтың шәкірттері – ҚР ең-бек сіңірген қайраткері, Сахна тілі кафе-драсының оқытушысы Йісбек Әбілмәжі-нов, ҚР мәдениет қайраткері, Сахна тілі кафедрасының профессоры Мұрат Әб-зелбаев баяндама жасады.

Жиын аясында Асқар Токпановтың «Бүгінгі күнге дейін», «Іңкәр дүние», «Сахна саздар», «Конференция жина-ғы» кітаптарының тұсауы кесілді. Тұсау-кесер рәсіміне ҚР Президентінің ке-ңесшісі Мәлік Отарбаев, Академияның ректоры Арман Жүдебаев, өнертану кандидаты, профессор Аман Құлбаев және Асқар Токпановтың ұлы – Айбол Токпанов қатысты.

Аталған конференция ұлт мәде-ниетінің дамуына серпін беретін, бола-шақ өнер иелерін тәрбиелеуге бағыт-талған іргелі қадам болды.

МЕГАПОЛИСТЕГІ РУХ ІЗДЕНІСІ

Абай театрында «Ұлы Жібек жолы» балетінің премьерасы қойылды

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында көрермен көп жиналды. Жоғарғы классикалық өнерді бағалайтын алматылықтар мен қала қонақтары Әйгерім Еркебаеваның музыкасы-мен қойылған екі бөлімді «Ұлы Жі-бек жолы» балетін тамашалауға келді.

Нұрлан СҮЙІН

Қойылым философиялық притча мен заманауи метафораны тоғысты-рады. Айталық, спектакль цифрлық болашақта, адамдар бір-бірінен оқ-шауланған әлемде басталады. Мұн-дай премьераның идеясы, либретто-сы мен хореографиясы Қазақстандағы халық артисі Гүлжан Түткібаеванікі. – Жай ғана керуенді көрсету заманауи көрерменге қызық емес. Бұл жерде өз концепциянды табу маңыз-ды. Мен Жібек жолы дәуіріне алыс болашақтық prizması арқылы қа-рауды жөн көрдім, – дейді Гүлжан



Түткібаева. Оның айтуынша, балет дәстүрдің құндылығы мен адам жү-шәуланған әлемде басталады. Мұн-дай премьераның идеясы, либретто-сы мен хореографиясы Қазақстандағы халық артисі Гүлжан Түткібаеванікі. – Жай ғана керуенді көрсету заманауи көрерменге қызық емес. Бұл жерде өз концепциянды табу маңыз-ды. Мен Жібек жолы дәуіріне алыс болашақтық prizması арқылы қа-рауды жөн көрдім, – дейді Гүлжан

МҰРАҒАТ

КӨНЕНІҢ КӨЗІ – ТАРИХТЫҢ ӨЗІ

Әз-Жәнібек ханға арнап жазылған екі қолжазба басылып шықты



Мегаполистегі Орталық мемлекеттік архивте Әз-Жәнібек ханға арналған екі қолжазбаның факсимильді басылымының таныс-тырылымы өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткен-дей, архив ісінің басты мақсаты – құнды тарихи мұраларды сақтап қана қоймай, оларды заманауи тәсілдер арқылы қоғам игілігіне ұсыну.

Нұржамал ӘЛШ

Айтулы іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы Рустам Әли Астанадан ар-найы келіп қатысты. Рустам Алпысу-лы ұлт тарихы үшін үлкен олжа бо-лып саналатын бүгінгі тың еңбектің

дүниеге келуіне септігі тиген «Ар-хив–2025» кешенді жобасына тоқ-талып өтті. Осыдан бес жыл бұрын бастау ал-ған жоба аясында республикалық архивтердің ғылыми-экспедициялары Германия, Польша, Чехия, Түркия, Франция, Мажарстан, Үндістан, Иран, Египет, Қырғызстан, Ресей Федера-циясы, Әзербайжан, Беларусь, Катар сынды 14 елде анықтау жұмыстарын

жүргізгенін атап өтті. Ғылыми зерттеу нәтижесінде 913–1990 жылдар аралығындағы Қазақстан тарихына қа-тысты 7000-нан аса құнды құжат жи-нақталып, ғылыми айналымға енгізілгенін тілге тиек етті. Сонымен қатар, кейінгі бес жылда архив меке-мелерінің материалдық-техникалық базасы жаңғыртылып, цифрлық жүйе-лер енгізілгенін де баса айтты.

Алқалы жиында сөз алған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Еуразия ғы-лыми-зерттеу институтының директо-ры Суат Бейлур мырза да біздің отан-дық мұрағат ісіндегі тың жетістіктерге әрқашан тілекші екенін, екі ел арасын-дағы достық байланыс одан әрі нығая түсетінін жеткізді.

Сонымен, «Жошы ұлысының тари-хи мұрасы» деген атаумен өткен ғылы-ми іс-шарада Жошы ұлысының даңқ-ты билеушісі Әз-Жәнібек ханға (? – 1357) арнап жазылған 1335 жыл-ғы «Тұрар әл-мулаххас фил-һәйә» (Астрономияға қысқаша шолудың негізгі түйіндері) және 1350/51 жыл-ғы «Тұхфәту әл-Хақан фи шарх әл-ар-ба'ин хадисан» (Қағанға тарту: қырық хадистің түсіндірмесі) атты екі қолжаз-ба еңбектің факсимильді басылымда-ры таныстырылды.

Аталмыш аса құнды қолжазбаны Орталық мемлекеттік архивтің үй-

лестіруімен жүргізілген археография-лық ғылыми іссапар кезінде қолжаз-батанушы Өмірбек Қанай Түркия елінің архивінен тапқан болатын. Көненің көзіндей болған бұл қол-жазбалардың факсимильді нұсқасы-ның жарық көруі Жошы ұлысы кезін-дегі ғылым мен білімнің даму үдерісін танып-білуге өз септігін тигізіп, тиісті ғылыми зерттеулерге арқау болары сөзсіз.

Сондай-ақ, бұл тың еңбектің тари-хи жадыны сақтау және келер ұрпаққа аманат ету жолындағы жүйелі жұмыс-тың тағы бір айғағы болғаны анық.

МАМАН МІНБЕРІ



Өмірбек ҚАНАЙ, жас ғалым, қолжазбатанушы:

ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ МҰРАСЫ

Юсуф бин Мубәрәк әл-Аланидың «Тұрар әл-му-лаххас фил-һәйә» атты қолжазбасы – ортағасырда Хорезмнен шыққан атақты астроном, білгір мате-матик Махмұд ибн Мұхаммед ибн Омар әл-Шағми-нидің (? – 1221) заманында кең таралған «әл-Му-лаххас фил-һәйә әл-басита» (Астрономияға қысқаша шолу) атты шығармасына жасалған астрономиялық түсіндірме-шарх. Ал белгісіз автордың «Тұхфәту әл-Хақан фи шарх әл-арба'ин ха-дисан» қолжазбасы Әз-Жәнібек ханның жеке тұлғалық қасиеттеріне ар-налған мадақтаулар мен билеушілер туралы таңдамалы хадистердің жинағы. Онда Жәнібек ханның жомарттық пен ізгіліктің жаршысы ретін-де сипатталып, көптеген мешіт-медресе, ханака, дәріхана, шипахана және кітапхана салдырып, ғұламалар мен ғалымдарға қолдау көрсетіп, ілім мен ғылым-білімнің дамуына жағдай жасағаны баяндалады.

Қазақ мемлекеттілігінің маңызды бір белесі болған Жошы ұлысының тарихи, мәдени мұрасының бүгінгі күнге дейін жеткен жұрнағы тым аз кездесетінін, сонымен қатар Ұлық ұлыс хан-сұлтандарының құрметіне арналған тарихи шығармалардың да санаулы ғана екендігін ескерсек, Әз-Жәнібек ханға арналған аталмыш екі қолжазбаның табылуы отандық тарих ғылымы мен ортағасырлардағы мәдениет тарихы үшін баға жетпес тарихи қазына деуге болады.

ТУҒАН ЖЕРДІҢ РУХЫ МЕН ТАРИХЫ

Қали Қораласбаевтың «Киелі мекен» көрмесі ашылды

Ұлттық орталық музейде мәдениет саласының үздігі, суретші, мүсінші, карика-турашы Қали Қораласбаевтың «Киелі мекен» атты жеке шығар-машылық көрмесінің ашылуы өтті. Аталмыш көрме Республика күніне, Шу ауданының 95 жыл-дығына және өнер иесінің 60 жасқа толған мерейтойына орай ұйымдастырылды.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ

Көрменің ашылуына орай қала-лық Мәдениет басқармасының өкіл-дері, қаламдас-суретшілер, өнер мен өмірдегі достары, ұлттық бейнелеу өнерінің жанашырлары көрме иесін құттықтады.

– Қали Қораласбаевтың шығар-машылығы отандық мәдениеттің дамуы үшін аса маңызды. Бүгінде оның еңбектері елдің ірі өнер қорла-рында сақтаулы. Мен осы көрменің ашылуымен құттықтаймын, – деді

Алматы қаласы Мәдениет басқарма-сы басшысының орынбасары Арман Халбеков.

Суретші Қали Қораласбаевтың айтуынша, «Киелі мекен» көрмесінің негізгі мақсаты – Қазақстанның бей-нелеу өнерін дамыту, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды жаңғыр-ту, сондай-ақ көрерменге туған жер тарихының көркем бейнесін паш ету. Автор өз шығармалары арқылы адам-ның туған жерге деген сүйіспеншілігін, рухани тамырын және ұлттық біре-гейлікті көркемдік тілмен жеткізуді мақсат еткен.

– «Киелі мекен» деп атауыма себеп болған – ата-бабамыздың қаны, ана-ларымыздың көз жасы тамған тарихи жерім. Адам үшін өз туған жерінің әр бұтасы, әр тасы киелі. Көрмеге барлы-ғы 150-ге тарта еңбек қойылған. Май-лы бояу, акварельмен салынған сурет-терден бөлек, тас мүсіндерді де көрермен назарына ұсынуды жөн көрдім. Ұсынылған еңбектің көбі 2022–2025 жылдар аралығында жи-нақталғанымен, арасына 1990 жыл-дардағы жұмыстарымды да қостым. Ендігі арманым – жұртына адал қыз-мет ететін шәкірттер тәрбиелеу, – деді Қали Қораласбаев.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Өмірін өнер мен шәкірт тәрбиесіне арнаған Қали Қораласбаев – ел мәде-ниетіне елеулі үлес қосып келе жатқан тұлға. Ол көп жылдар бойы Жамбыл облысы, Шу ауданындағы «Балалар мен жасөспірімдер орталығында» қызмет атқарып, болашақ суретші-лердің дарынын ашып, олардың шы-ғармашылық ізденісіне бағыт-бағдар

ӨНЕР



Суретті түсірген Саят СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«ЖҮРЕГІМДЕ»

Алматы жастары этно-мюзикл ұсынды

Алматының жүрегі өнер деп соққан талантты жастары көрерменге «Juregimde» этно-мю-зиклін ұсынды. Бұл – Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың баста-масымен қолға алынған «Тәуел-сіздік ұрпақтары» мемлекеттік бағ-дарламасы аясында дүниеге келген авторлық жоба.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ

Жетекшісі – «Тәуелсіздік ұрпақта-ры» грантының «Мәдениет» номина-циясы бойынша жеңімпазы алматы-лық ару Әнел Әубәкірова. «Тәуелсіздік ұрпақтары» иелену – жоғары дәреже. Бұл ең дарынды әрі мақсатшыл қазақ-стандық жастардың мемлекет тарапы-нан қолдауға ие болуы. Әнел – сондай жастардың бірі.

Тұсауы Құрманғазы атындағы Қа-зақ ұлттық консерваториясының төрін-де кесілген «Juregimde» спектаклі – дәстүрлі қазақ мәдениеті мен заманауи музыкалық драматургия элементтерін шебер үндестіре білген, Қазақстандағы алғашқы этно-мюзикл дейді сарапшы-лар.

Ерекше туынды жас буынның руха-ни мұра, ұрпақтар сабақтастығы және мәдени құндылықтарды сақтаудағы рөлін көрсетеді. Оған Қазақ ұлттық консерваториясының студенттері, сон-дай-ақ театр және кино саласының кәсіби актерлері қатысты. Мұндай шығармашылық тандем жас артистер мен кәсіби мамандар арасына алтын көпір салып, жобаның рухани, мәдени

маңыздылығын арттыра түсері сөзсіз. «Juregimde» – асқақ арман мен жұлдырқай ғана жүректің Арман, туған жер, дәстүрім – дидарым деп соққан алапат күшін баяндайтын этно-мю-зикл. Жанды вокал, әсерлі би, жарқын сахналық қойылым – бәрі-бәрі осы бір премьераның өн бойына тоғысқан. Сондықтан да этно-мюзиклдің сәтті шығуына күш салған шығармашылық топтың (идея авторы Айгерім Оспа-нова, режиссері және сценарий авто-ры Елдар Тәшкенбай, тағы басқа да ниет, тілек біріктірген өнерлі жастар) жұмысына қуана қол соқтық.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айгерім ОСПАНОВА, этно-мюзиклдің ғылыми жетекшісі, Қазақ ұлттық консерваториясының кафедра меңгерушісі:

ҚАЗАҚ ӨНЕРІНЕ ЖАСАЛҒАН ТЫҢ ҚАДАМ «Juregimde» этно-мюзиклі – қа-зақ өнеріне жасалған тың қадам. Ол өткен мен бүгінді жалғаған, рух пен дәстүрді жаңа биікке көтеруге тал-пынған өнер туындысы деп білемін. Бұл жоба ұлттық құндылықты жаңа форматта танытып, жас буынға ша-быт берді, ал көрерменге жаңа эмоция сыйлады деп сенемін. Этно-мюзиклі – музыкалық қойылым ғана емес, ол – халқымыздың руха-ни қодын сақтап, келер ұрпаққа аманаттайтын үлкен мәдени жоба десем, қателеспейміз. Біздің жастар есіп келе жатыр!

мен табиғатын, халқымыздың салт-дәстүрі мен қазақ халқының рухани болмысын өнер тілімен шебер өрнек-теген.

Айта кетейік, Қали Қораласбаевтың еңбектері еліміздің жетекші мәдени ошақтарының қорында сақтаулы. Та-биғи тастан жасалған «Абыз» атты туындысы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде, ал «Ана – Жер-Ана» мүсіні Ә.Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінде, «Желтоқсан желі – 86» ең-бегі Жамбыл облыстық музей қорын толықтырған. Бұл туындылар суретшінің ел руханиятына қосқан зор үлесінің айғағы іспетті. Суретші бұған дейін де республика бойынша бірне-ше жеке көрмелерін өткізген. Әулие-ата жерінде ұйымдастырылған «Тәуелсіздік – ел тұғыры», «Ақ мекен», «Жемқорлық – жегіқұрт» атты шығар-машылық көрмелері көрерменнің жоғары бағасына ие болып, қоғамда-ғы өзекті мәселелерді өнер тілімен жеткізудің үлгісі болды.

Ал «Киелі мекен» көрмесі – суретшінің шығармашылық жетістік-терінің мерекесі ғана емес, туған жердің тарихы мен киесін дәріптейтін, өнер мен рухани құндылықты ұштас-тыратын үлкен мәдени шара болды.



ҒАЛЫМ СӨЗІ

Жұмажан ЖАҢБЫРОВ,
техника ғылымының докторы, профессор:

МАМАН ДАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІНЕ ЗАМАНАУИ РЕФОРМА ҚАЖЕТ

Президенттің бастамасымен жарияланған «Жұмысшы мамандықтар жылы» да инженерлік-техникалық кадрларды күшейту, өндірістегі технологиялық жаңғыруды жеделдету бағытына айтарлықтай серпін беруде. Бұл қадамдар елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда өз әсерін берері анық. Осы орайда техникалық саланың даму үдерісін, ғылым мен өндірістің сабақтастығын, жаңа технологиялардың мүмкіндігін терең түсіндіру үшін техника ғылымының докторы, профессор Жұмажан ЖАҢБЫРОВПЕН арнайы сұхбаттасқан едік.

Ғылыми жаңалықтарымды шетел пайдалануда

– Ғылыми жолыңызда ерекше мән берген зерттеу бағыттарыңыз қандай?

– Менің ең алғашқы зерттеу бағытым ауыл шаруашылығы саласындағы үрдістерді механикаландыруға байланысты. 1989 жылы Алматы қаласында өткен «Малшаруашылығы – 89» Халықаралық көрмеде менің 3 құрылғым қойылып, Германия, Франция мамандарының назарына ілінді. Еліміздегі мал өнімдерін алғашқы және терең өңдеу үрдістеріне арналған технологиялық қондырғылар негізінде патенттер алып, өндіріске енгізу мақсатында арнаулы жоба бастадым. Осы жұмыстарым үшін 1991 жылы Президент қабылдауында болдым.

Өкініштісі, бұл жоба 1991-1992 жылдар арасындағы еліміздегі саяси және экономикалық өзгерістерге байланысты аяқталмай қалды. Екінші зерттеу жұмысым еліміздегі қаладағы қоғамдық көлік және халықаралық жүк тасымалдау мәселесіне арналды. Соның ішінде патентпен қорғалған «вакуумды пойыз» жобасын атап өтуге болады. Ерекшелігі – сағатына мың шақырым жылдамдықпен жүреді және ең бастысы қоршаған ортаға ешбір зиянын тигізбейді. Мемлекет көлемінде түрлі инновациялық жиындарда жобаны ұсынғаныммен, билік пен инвесторлар тарапынан қолдау таппадым.

Сөйтіп, бұл жұмысты 2011 жылы Америкада ұйымдастырылған «Идеялар конкурсына» жібердім. Осы күні «вакуумды пойыз» идеясы іске асып, 2024 жылы Қытай компаниясы алғашқы тәжірибе өткізіп, жылдамдығын 5 мың км-ге көтеру мақсатында жұмыс атқаруда.

Бүгінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ауылшаруашылығын заманауи инновациялық басқару» арқылы ауылды көтеру үшін «Тұран» университеті жанында Германия компаниясымен бірге үлкен ғылыми-практикалық жобаны қолға алып жатырмыз.

– Еліміздегі цифрландырудың деңгейі қандай және жасанды интеллекттің бизнестегі рөлі жайында не айтасыз?

– Кейінгі жылдары Қазақстанда цифрландыру үдерісі айтарлықтай қарқын алғанымен, барлық кәсіпорында бірдей жоғары деңгейде деп айту қиын. Ірі ұлттық компаниялар мен қаржы секторында цифрлық трансформация жақсы жолға қойылған, ал шағын және орта бизнес арасында әлі де технологиялық олқылықтар бар. Негізгі қиындықтар – мамандар тапшылығы, инфрақұрылымның тең дамымауы және цифрлық мәдениеттің жеткіліксіздігі. Жасанды интеллект адамның орнын баспайды, керісінше оның білігін үздіксіз жаңартып отырады. Жасанды интеллекттің өздігінен ойлап табу қабілеті жоқ, барлық әрекетті алдын ала берілген деректер мен алгоритмдерге сүйенеді. Сондықтан адам қандай да бір мақсат, шарт, шектеу қойса – жасанды интеллект сол бағытта жұмыс істейді.

дерге сүйенеді. Сондықтан адам қандай да бір мақсат, шарт, шектеу қойса – жасанды интеллект сол бағытта жұмыс істейді.

Инженерлік білімді реформаламай, ұлттық технология жасай алмаймыз

– Президент инженерлер мен техникалық мамандардың жетіспеушілігіне назар аударып келеді. Бүгінгі инженерлік білім сапасын қалай бағалайсыз?

– Бүгінде отандық ЖОО-дағы маман дайындау жүйесіне заман талабына сәйкес толықтай «реформа» қажет. 2010 жылдары енгізілген «кредиттік» жүйе асығыс қабылданды. Оның зардабын 4 жыл білім алып, қолындағы дипломмен жұмыс таппай жүрген жастарға қарап білуге болады. Бұл жүйе экономикасы дамыған, үлкен нақты өндіріс орындары тұрақты жұмыс істеп, өнімдеріне кең көлемде сұранысы бар ел экономикасына арналған. Ал бізде бұл жүйенің асығыс енгізілуі ірі кәсіпорындарды жауып, станоктерді металлоломға өткізіп, ғимараттарын базарға айналдырды. Ауылшаруашылық жүйесін күштеп таратып, «тас-талқан» жасады. ЖОО заманауи кәсіби мамандар мен жас ғалымдарды дайындау емес, диплом сату мен тарату орталығына айналдырды. Кейбір университетте қытайлар көмегімен жаңалық жасап жүргендер ғылым түгілі, бір маңызды мәселені көтеріп, ғылыми мақала жаза алмайды.

Мен 2010 жылдары Ресей еліндегі бетке ұстар техникалық университет басшыларымен, атақты ғалымдармен көп кездесіп, пікір алмастым. Содан кейін экономикасы дамыған ірі мемлекеттердегі заманауи кәсіби жоғарғы білімді мамандар дайындау жүйесіне талдау жасадым. Талдау қорытындысы бойынша біздің елде қабылданған «кредиттік» жүйе өзінің тиімсіздігін көрсеткен Франциядағы механизм болып шықты. Соның салдарынан елімізге инвестиция салған шетел кәсіпорындары жергілікті мамандарды жұмысқа алғанда, міндетті түрде «кәсіби қайта дайындау немесе дайындық деңгейін көтеру» курстарына жібереді және ол үшін үлкен қаражат бөледі.

Мәселен, Қытай компаниясы бірде маған жеті маманды «кәсіби қайта дайындау» курсынан өткізу үшін 6 млн. теңге төледі. Жаға ұстататыны, жетеуі де Алматыдағы ұлттық университетте оқыған мамандар. Жуырда батыс өңірінен Қытай компаниясы кәсіби дайындық деңгейін көтеруге бір маманын жіберді, оған шамамен, 1 млн. қаражат бөлінген. Әрбір сағатына 25 мың теңге төледі. Себебі, қазіргі ЖОО студенттерін дайындаудағы ең басты кемшілік – студенттер кәсіби маман ретінде дайындалатын жоғары оқу орындарында материалдық-техникалық базалар жоқтың қасы, ал тәжірибеден өтетін кәсіпорындар туралы айтудың да қажеті жоқ.



Екінші мәселе – Асхат Аймағамбетов министр болған тұста басталған жоғары оқу орындарындағы кәсіби мамандар мен ғалымдарды толық тексеріп, санын екі-үш есеге қысқарту жұмысын қайта қолға алу керек. Жақында Қытайдағы Ауылшаруашылық университетінің ректорымен кездестім. Ол маған «бізде әрбір ЖОО емес, тіпті колледждер жанында технопарктермен шағын өндіріс шеберханалары бар екенін, егер жақсы идея, жоба болса өздерінде тексеріп алатынын, кейін бірден үлкен өндіріс зауыттарына ұсынатынын айтты. Егер бізде де «технопарктер» тек қағаз жүзінде болмай, шынайы жұмыс атқарса, қазақ жастары мұны ары қарай игеріп алып кететін еді. Тек оларды үйретіп, рух беріп, жүрегіне сенім ұялату қажет.

Қаржыландыру нақты өндірістік өнімге бағытталуы керек

– Егер сізге ұлттық деңгейдегі ғылыми бастама ұсыну мүмкіндігі берілсе, қандай жобаны ұсынар едіңіз?

– Ауыл шаруашылығына қажетті техника зауыты салынатын жобаны ұсынар едім. 2012 жылы «Ұлттық инженерлерді дайындау архитектурасы» деген баяндама жасағанмын. Инженерлердің ой-өрісі, болмыс-бітімі мүлдем бөлек. Кез келген маманда ұлттық тәрбие, ұлтына деген сүйіспеншілік болу керек. Адам газсыз да, мұнай мен көмірсіз де өмір сүре алады. Бірақ Еуропаның қай еліне барсаң да, Қазақстанның дәмді етіндей етті еш жерден таба алмайсың. Сондықтан ауыл шаруашылығын инженерия арқылы дамыту мен өндірістік фабрикаларды тарту – аса маңызды міндет. Әйтпесе, трактор зауыты жоқ елде инновация бола ма?

– Президент ғылым мен жоғары технологияларды экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналдыруды міндеттеді. Ғалым – өндіріс – мемлекет ұштағанын күшейту үшін қандай жүйелік шешімдер қажет?


– Ең бірінші, әрбір сала бойынша докторанттық жұмыстарға ғылыми жетекші болатын нақты ғалымдардың тізімін жасап, Министрлікте бекіту керек. Мемлекеттен бөлінетін гранттық тапсырыстар осы тізімге сәйкес бөлінгені дұрыс әрі бөлінген қыруар қаржының жауапкершілігі болуы тиіс. Бүгінде грант ЖОО-на беріледі, ал докторанттар тіпті кімнің ғылыми жетекші, зерттеу жұмыстарының бағыты мен тақырыбынан бейхабар болады. Бұл – үлкен жауапсыздық, себебі, докторанттардың 3 жыл уақыты зая кетеді. Салдарынан қазір талайы жұмысын қорғап алмай жүр. Бұл үшін кім жауап береді?

Екіншіден, «ғылыми жетекшілерге» төленетін еңбекақыны кімдер алатыны да белгісіз. Мәселен, Қытай елінде докторанту рада оқып жүріп, Алматының іргесінде өзінің кәсібін ойлап тапқан Қали деген азамат бар. Ол шағын кәсіпкерлерге арналған тетрациклдер құрастырады және үлкен сұранысқа ие. Өкініштісі, ол толыққанды жұмыс істей алмай отыр, өйткені өнімдері МАИ-де тіркеуде тұруы керек, ол үшін тиісті техникалық паспорт берілуі тиіс, оны беретін технопарктермен арнаулы сертификациядан өткізетін мекемелер, ал ол үшін ғылыми-техникалық құжаттары болуы тиіс. Ең сорақысы, Қалидің өз ауласында шығарып жатқан өнімдер Қытайдан сатылымға шығуда. Сондықтан қаржыландыру жобалық жүйеге көшіп, нәтижесі нақты өндірістік өнімге, технологияға, патентке байлануы керек.

– Еліміздегі жас ғалымдарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Математиканың іргетасын ұғынып, физиканы да, заманауи технологиялық компьютерлерді де жақсы білген жастар қалғандарын қажет сәтте-ақ үйреніп ала алады. Айтарым, кім қандай биікке көтерілсе де, ақшаға арын сатпайтын тектілігі болса екен деймін.

Сұхбаттасқан
Дана САДЫРҚАН.





«ЖАС БҮРКІТ»

Әскери бөлім мен мектеп меморандумға қол қойды

Алматыдағы 5571 әскери бөлімінде «Ұлттық ұлан – ел айбыны» акциясы шеңберінде «Ашық есік» күні өтті. Оған Алматы облысының Түрген ауылында орналасқан М.Ломоносов атындағы орта мектептің оқушылары арнайы келіп қатысты.



Нұржамал
Әліш

Іс-шара аясында «Жас бүркіт» спорттық, әскери-патриоттық сыныбы құрылып, мектеп пен әскери бөлім арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

«Басты мақсат – жасөспірімдер арасында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, әскери қызметке деген қызығушылықты арттыру, олардың елдің, жердің қауіпсіздігіне деген азаматтық жауапкершілігін күшейту және кәсіби бағдар беру жұмыстарына қолдау көрсету. Аталған мектептің 7 «ә» сыныбы негізінде «Жас бүркіт» сыныбы құрылды. Тәрбиеленушілер алғашқы дайындық кезеңін бастап, салтанатты түрде ант қабылдады. Бұл жеткін-

шектердің Отан қорғау ісіне деген дайындығы мен жауапкершілігін айқындайтын маңызды сәт болды», – дейді Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлім командирі, полковник Мақсат Баймағұлов.

Салтанатты жиынға 5571 әскери бөлімінің ардагерлері және Алматы гарнизонының құрметті қонақтары қатысып, жас ұрпаққа патриоттық өнеге мен әскери борыштың маңызын түсіндірді.

Іс-шара барысында «Жас бүркіт» қозғалысының белсенді тәрбиеленушілері Бауыржан Момышұлының «Батыр шапағаты» төсбелгісімен және алғыс хатпен марапатталды. Сонымен қатар, үздік тәрбиеленуші Ербұлан Темірлан Мемлекеттік Туды көтеру құрметіне ие болды.



ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

САРБАЗДАР АЛМАТЫНЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТЕДІ



ҚР ІІМ Ұлттық ұланның Алматы қаласындағы Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөліміне күзгі шақырылымның алғашқы сарбаздары келді.

Алғашқы лек Қарағанды және Ақтөбе қалаларынан жетті. Азаматтық борышын өтеуге келген жастарды әскери бөлімнің жеке құрамы салтанатты түрде қарсы алды. Бөлім командирі, полковник Мақсат Баймағұлов сарбаздармен арнайы жүздесіп, құттықтау сөзін айтты.

«Бүгін сіздер Ұлттық ұлан сапына қосылып, абыройлы әрі жауапты қызмет жолына қадам бастыңыздар. Әскери тәртіпті қатаң сақтап, Отанға адал қызмет етесіздер деп сенемін. Бөліміміз әрбір сарбаздың шыңдалып, нағыз жауынгер болып қалыптасуына барлық жағдай жасайды», – деді Мақсат Баймағұлов.

Ұлттық ұлан сапына енді ғана қосылып жатқан жас сарбаздар үшін алғашқы түсіндірме сабағы ұйымдастырылып, әскери форма жиынтығы берілді. Енді олар «Жас сарбаздарды оқыту» пунктінде бастапқы жауынгерлік дайындықтан өтеді.

Оқу бағдарламасын толық меңгерген соң, әскери ант қабылдайды. Ант қабылдағаннан кейін сарбаздар Алматы қаласының қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртібін қамтамасыз ету міндеттерін орындайтын бөліністерге бөлінетін болады.

Нұр-ЖАМАЛ.

ҚАУІПСІЗ ОТБАСЫ – БЕРІК ҚОҒАМ

Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Жан-Сая» дағдарыс орталығы» КММ «Отбасылардың қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету – өзіңді қорға» тақырыбындағы ведомствоаралық «Дөңгелек үстел» ұйымдастырды. Іс-шара Түркісіб ауданында өтіп, «гендерлік зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне қарсы 16 күндік белсенді іс-қимыл» халықаралық акциясы аясында өтті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Дөңгелек үстелдің» негізгі мақсаты – отбасылар мен балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған ортақ алаң құру, алдын алу жұмыстарын күшейту және тиімді тәжірибелерді бөлісу.

«Жан-Сая» дағдарыс орталығының директоры Зулфия Байсакова кездесу барысында қоғамда отбасы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.



Оның айтуынша, тиімді нәтижеге жету үшін барлық мүдделі тараптың бірлескен жұмысы қажет.

– Біздің мақсатымыз – әр әйел мен әр баланың өз үйінде қауіпсіздікті сезінуіне жағдай жасау. Мұндай мәселелерді бір ғана мекеменің күшімен шешу мүмкін емес, сондықтан бүгін мемлекеттік құрылымдар, ҰЕҰ, әлеуметтік және құқық қор-

ғау саласының мамандары бір үстел басында бас қосып отыр. Біз өзара әрекеттестік мәдениетін күшейтіп, нақты әрі қолжетімді шешімдер әзірлеуге ұмтыламыз. Көмек қажет кезде қолдау көрсеткен ұйымдардың бәріне алғысымызды білдіреміз. Қоғам болып біріксек, отбасылардың амандығын қорғап қала аламыз, – деді ол.

Жиынға мемлекеттік ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, әлеуметтік қызмет өкілдері, құқық қорғау құрылымдары және сарапшылар қатысты. Қатысушылар өмірлік қиын жағдайға түскен аналардың тағдырынан мысалдар келтіріп, қоғамда кездесетін проблемаларды ортаға салды. Әр тарап өз ұсынысын жеткізіп, іс-әрекеттерді үйлестіру жолдарын талқылады.

Іс-шара қорытындысы бойынша қатысушылар Алматыдағы қауіпсіз және қамқор қоғам құру жолында өзара серіктестікті нығайтуға дайын екенін білдірді.

Модератор Зулфия Байсакова сөз соңында қоғам тарапынан көрсетілетін әр қолдаудың маңызын айта келіп: «Әрқайсымыздың қолдауымыз маңызды. Бірге әрекет еткенде ғана отбасылардың қауіпсіздігі мен амандығын күшейте аламыз», – деді.

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП»

СЕНІМ МЕН ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Адалдық мәдениетін дамыту жөнінде конференция өтті

Алматыда адалдық қағида-тәртіпін нығайтуға бағытталған іс-шаралар легі әлі де жалғасып жатыр. Солардың қатарында «Заң және тәртіп: қоғамдағы сенім мен дамудың негізі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» атты қалалық конференция өтті. Шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, құқық қорғау құрылымдары, сарапшылар, жастар ұйымдары қатысты.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Конференция қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыру, мемлекеттік қызметтегі әдеп нормаларын сақтау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу ісін күшейтуді мақсат еткен. Жиында алғашқы болып сөз алған Алматы қаласы әкімінің этика жөніндегі кеңесшісі Мамай Ахетов мемлекеттік қызметтегі тәртіп пен жауапкершілік мәселесіне тоқталды.

«Жемқорлыққа қарсы түсіндіру жұмыстары күн тәртібінен түспеуі тиіс. 2015 жылы елімізде Әдеп кодексі бекітілгені бері мемлекеттік қызметкерлердің мінез-құлқы, тәртіп бұзушылықтардың алдын алу – біздің күнделікті жұмысымыздың өзегі. Бұған қоса, лудомания, дін мәселесі секілді мемлекеттік қызметшілерге әсер ететін факторлар да бақылауда», – деді ол. Оның айтуынша, адалдық қағида-тәртібі тек қызметтік міндет емес, қоғам алдындағы моральдық жауапкершілік те болуы керек», – деді әкім кеңесшісі.

Жиында Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының идеология бөлімінің басшысы Бауыржан Нұрматов қала әкімдігі мен құқық қорғау органдарының бірлескен жұмысына тоқталды.

«Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы конференцияға қатысып отырған баршаңызға алғыс айтамыз. Президенттің 2025–2030 жылдарға арналған «Заң және тәртіп» саясатын жүзеге асыру аясында Алматыда ауқымды түсіндіру және алдын алу шаралары атқарылып жатыр. Бұл жұмыс балабақшадан басталып, мектеп, колледж, жоғары оқу орындарына дейін жалғасуда. Бүгінгі шара – сол жүйелі жұмыстың бір бөлігі. Барлығымызды тәртіп пен жауапкершілікке шақырамыз», – деді Бауыржан Нұрматов.

Жиын барысында қатысушылар, жас мамандар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатысты өз ойларын ортаға салып, мамандарға сұрақтар қойды. Шара қоғамдық тәртіп пен заң үстемдігін нығайтуға арналған пікір алмасу алаңына айналды.



ЖҰМЫС САПАРЫ

МЕГАПОЛИС МЕДИЦИНАСЫНЫҢ МҮМКІНДІГІ

Министр алматылық дәрігерлерге оң бағасын берді

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Алматы қаласына жұмыс сапары барысында қаланың бірқатар медициналық ұйымының қызметімен танысты.

Жылына 90 мыңға жуық бала емделеді

Сапардың негізгі нысандарының бірі №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасы болды. Мұнда министрге 2024-2025 жылдардағы жұмыс қорытындысы ұсынылып, 20-дан астам инновациялық әдістеменің енгізілгені, жоғары технологиялық хирургияның дамуы және көмек көлемінің өскені баяндалды. Балалар ауруханасында жыл сайын 90 мыңға жуық бала емделеді.

Министр қабылдау бөлімшесіне, реанимацияға, операциялық блокқа және клиникалық фармация бөлімшесіне барды. Фармация бөлімшесі дәрі-дәрмекті қауіпсіз дайындауды қамтамасыз етеді және терапия сапасын арттырады. Ауруханада пациенттер гематология, эндокринология, кардиология, пульмонология және нейрохирургия сияқты бөлімшелерде қабылданады.

2023 жылғы қаңтардан бастап балалар ауруханасында елімізде алғаш рет эпилепсияның ауыр түрлерінде қолданылатын Делаланд бойынша жоғары технологиялық операция – тік функционалдық гемисферотомия енгізілді.

Әдіс эпилепсиялық белсенділіктің жарты шарды алып тастамай таралуын тоқтатады, асқыну қаупін азайтады және өмір сапасын жақсартады.

«Мен сенімен біргемін»

Келер жылы «Мен сенімен біргемін» Балалар паллиативтік көмек орталығының қолдауымен 15 төсектік балаларға арналған

паллиативтік бөлімше ашу жоспарлануда. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимовтың айтуынша, бұрын мұндай көмек болмаған көпсалалы аурухана базасында балалар паллиативтік қызметін құру қала үшін маңызды қадам болмақ.

Сондай-ақ, ұйымда ЭЭГ-ті автоматты түрде түсіндіру үшін ZiyatronAI жүйесінің өз әзірлемесін енгізу жоспарлануда.

Келесі нысан Ұлттық ғылыми инфекциялық аурулар орталығы болды. Онда министр зертханалардың, қарқынды терапия бөлімшелерінің және ғылыми бөлімшелердің қызметімен танысты.

Жұмыс сапарының соңында Ақмарал Әлназарова Алматының медициналық көмекті ұйымдастырудағы жоғары деңгейін атап өтіп, әріптестеріне біліктілігі мен адалдығы үшін алғыс білдірді.

Тұрғындарды қабылдады

Ақмарал Әлназарова Алматы қаласына жасаған жұмыс сапары аясында медициналық қауымдастықпен, қала тұрғындарымен кездесу өткізіп, азаматтарды жеке қабылдады.

Халықпен кездесу барысында ведомство басшысы медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру үшін ең алдымен медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде енгізіліп жатқан негізгі жаңалықтар туралы ақпарат берді.

Министр биыл ана өлімі мен нәресте өлімінің көрсеткіштерінің төмендегенін атап өтті. Бұл оң нәтижелерге денсаулық сақтаудың барлық бағытында іске асырылып жатқан жүйелі іс-шаралардың арқасында қол жеткізілген. МСАК ұйымдарының бәрінде Ерте даму және ерте араласу орталықтары ашылды, Әйелдер консультацияларының жұмысы қайта жанданды. Балалар бөлімшелеріндегі төсек-орын қоры 38%-ға, соның ішінде неонаталдық хирургияда 20%-ға артты. Туа біткен



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

даму ақаулары бар балалардың өмір сүруі 86%-ға дейін жақсарды.

МСАК мамандарына бонустық жүйе енгізілді

2027 жылға қарай барлық емхана жалпы дәрігерлік тәжірибе қағидаттарына толық көшеді. Сағат 8.00-ден 20.00-ге дейінгі аралықта тіркелген халыққа шұғыл медициналық көмек көрсету функциясы МСАК ұйымдарына берілді. 660 бөлімше және 995 мобильді бригада құрылған.

Ерте диагностика мүмкіндіктерін арттыру мақсатында МСАК мамандары үшін бонустық жүйе енгізілді. Онкологиялық аурулар мен туберкулезді ерте анықтағаны үшін 5 АЕК көлемінде ынталандыру қарастырылған.

Азаматтарды қабылдау барысында медициналық көмек көрсету, дәрілік қамтамасыз ету және генетикалық зерттеулер жүргізу мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, бауыр трансплантациясын қажет ететін балаға қатысты өтініш түсті.

Министр барлық медициналық құжатты жедел қарау және қажетті емдеуді ұйымдастыру үшін тапсырма берді. Бұған қоса, Алатау ауданында көпбейінді аурухана салу мәселесі де қаралды.

Министрліктің хабарлауынша, бұл жоба Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаны іске асыру жөніндегі Жол картасына енгізілген.

Мерзімдік жоспарға сәйкес, «Дара-боз» ықшамауданында 500 төсек-орынды көпбейінді клиника, оның ішінде 200 төсек-орынды перинаталдық орталық салу қарастырылған. Қазіргі күні нысанның жобалау жұмыстары жүргізілуде.

Азаматтар мен медицина қызметкерлерінен түскен әрбір өтініш министрің жеке бақылауына алынды. Жұмыс сапары өңірдегі өзекті проблемаларды айқындауға және оларды шешудің нақты қадамдарын белгілеуге мүмкіндік берді. Бұл Алматы және өңір тұрғындары үшін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін одан әрі арттыруға ықпал етпек.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

ҮШ КАМЕРАЛЫ CRT-P кардиостимуляторы екі науқасқа сәтті орнатылды

Алматыдағы Кардиология және Аішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында CRT-P Amvia Sky құрылғысын орнатып, жүректі физиологиялық стимуляциялау бойынша шеберлік сабағы өтті.

Екі науқасқа жасалған операцияны аритмология қызметінің аға ординаторы Асылхан Паримбеков профессор Krzysztof Boczar (Польша) қатысуымен жүргізді. Бұл – қарыншалардың жиырылу синхрондылығы бұзылған, жүрек қызметі жеткіліксіздігі, сол жақ қарыншаның жиырылу фракциясы төмендеген, AV-блокададан кейінгі, жүрекшелер абляциясын және кардиохирургиялық араласуларды өткерген науқастар. Оларға арнайы үш камералы кардиостимуляторлар (CRT-P) қажет.

Шеберлік сабағына қатысушылар кардиоресинхрондау терапиясы принциптерімен танысты. Оның клиникалық тәжірибеде қолданылуы, жүректің өткізгіштік жүйесі аймағына имплантация жасау көрсетілді.

«Шеберлік сабағы біздің мамандардың медицинаның соңғы жетістіктерінен хабардар болуына, жаңа емдеу әдістері мен технологияларды меңгеруіне, көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға және олардың кәсіби өсуіне мүмкіндік береді. Тәжірибе алмасу дәрігерлердің кәсіби



қызметке қажетті білімдерін, біліктілік пен дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді», – дейді институттың Басқарма төрағасы Рүстем Төлеутаев.

Асылхан Бүркітбайұлының айтуынша, үш камералы CRT-P кардиостимулятор қарыншалардың синхронды жұмысын қамтамасыз етіп, жүректің насос функциясын жақсартады, қан айналымының тиімділігін және науқастардың өмір сапасын арттырады. Олар жүректің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді. Кардиоресинхрондау терапиясы жүрек қызметінің жеткіліксіздігін емдеудің маңызды компоненті болып қала береді, ал үш камералы құрылғыларды қолдану ұзақ мерзімді клиникалық нәтижелерді жақсартады. Екі ота да сәтті өтті. Олар кардиостимулятормен толыққанды өмір сүре алады. Яғни белсенді өмір салтын ұстанып, спортпен де айналысып, саяхаттап, ұшақпен де ұша алады.

ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

СӨЗ БЕН ІС БІРІККЕН АЛАҢ

Алматы қаласының Орталық қалалық клиникалық ауруханасында политравма және ауыр жамбас жарақаттары бар науқастарды емдеу тактикасына арналған халықаралық шеберлік сабағы өтті.

Оқу процесіне травматолог, хирург, анестезиологтармен бірге УДЗ-диагностика мамандары да қатысты. Проктор ретінде таңымал сарапшылар – Гамбургтен Глеб Коробушкин (Германия) мен хирург Александр Смоляр (Ресей) шақырылды.

Теориялық бөлім алматылық мамандар үшін мазмұнды әрі ақпаратқа толы болды. Глеб Коробушкин политравма кезінде науқастарды жүргізудің заманауи қағидаттары туралы айтып, командалық жұмыстың маңызын атап өтті. Ал Александр Смоляр Damage Control Surgery тактикасын ұсынып, Total Early Care, Damage Control және Safe Definitive



Surgey тәсілдерін егжей-тегжейлі түсіндіріп, әдістерді клиникалық мысалдар арқылы көрсетті.

«Практикалық бөлімде қатысушылар жамбасқа бандаж салу арқылы тұрақтандыруды, УДЗ аппаратында FAST протоколын, АНФ қолдану дағдыларын, қынапшілік тампонада элементтерін, сондай-ақ жамбас артқы бөліктерін бекітудің заманауи әдістерін меңгерді. Мұндай формат дәрігерлерге заманауи тәсілдерді тек тыңдап қана қоймай, көзбен көріп, қолмен ұстап, шынайы жағдайға барынша жақын болуға мүмкіндік берді. Алынған барлық білімді міндетті түрде тәжірибеге енгіземіз», – дейді ОҚКА травматология бөлімінің меңгерушісі Берік Ерғалиұлы.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.





ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2026 жылға баспасөзге жазылу науқаны жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2026 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2025 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 766 80 00 немесе alatauqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

Барлық почта бөлімшелерінде «Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

Сондай-ақ, онлайн Qazpost.kz қосымшасы арқылы да жазылуға болады.

Қызмет тәулік бойы, 24/7 жұмыс істейді.

2026 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10031,52 теңге.

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7391,52 теңге.

Тек бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.



ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтыру газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ қрандарын жабу керек.
2. Бөлмені желдету керек.
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады.
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҰНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, күрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дегені Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



- Дәрігер шақыру.

- Дәрігер келгенге дейін: жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін иіскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 707 358 32 42. Электрондық адрес: service.ok.2@mail.ru. Толық ақпаратты www.aqsham-news.kz, https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-edu сайттарынан оқыңыз.

25 қараша – 10 желтоқсан аралығында әйелдер мен қыздарды цифрлық зорлық-зомбылықтан қорғауға арналған «Ғендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет» халықаралық акциясы өтуде. Ұраны – «Цифрлық зорлық-зомбылықты тоқтату үшін бірігейік».

Алмалы ауданында комиссия отырысы, ақпараттық іс-шаралар, флешмобтар мен профилактикалық акциялар ұйымдастырылды.

Аудандық полиция басқармасының аға инспекторы Айгерім Нұрланқызы Құласбекова. Кампанияның мақсаты – кез келген зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыру және агрессия фактілеріне дер кезінде ықпал ету екенін атап өтті.

Алматы қаласы
Алмалы ауданының
«Отбасы қолдау орталығы»

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ

КОЛЛЕДЖ БЕН КӘСІПОРЫН ҮНТІМАҚТАСТЫҒЫ

нәтижесінде жаңа оқу шеберханалары ашылды

Қаламызда техникалық және кәсіптік білім беру саласын дамытуға бағытталған кезекті маңызды қадам жасалды. Алматы энергетика және электронды технологиялар колледжінде жаңа оқу шеберханаларының ашылу салтанаты өтті. Шараға аудан әкімдігінің өкілдері, аудандық білім бөлімдерінің мамандары, колледж директорлары және оқытушылар қатысты.

Бұл бастама Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында жүзеге асырылып, жастардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті кәсіби маман болып қалыптасуына мүмкіндік береді.

Студенттерге кәсіби дағдыларды үйрете алады

Оқу орнындағы жаңа шеберханалардың жабдықталуына «KAZ ENERGO POWER» ЖШС мен «Legrand» ЖШС сынды серіктестер қолдау көрсеткен. Онда



«Электр жабдықтары», «Электрмен жабдықтау» мамандықтары бойынша білім алушыларға заманауи технологиялармен жұмыс істеуге, өндірістік жағдайда тәжірибесін жетілдіруге толық жағдай жасалған.

Аталған оқу кеңістігін жабдықтауға қолдау көрсеткен «KAZ ENERGO POWER» ЖШС оқу орнының басты серіктесі саналады. Отандық кәсіпорын ішкі және сыртқы орнатуға арналған жиынтық тарау құрылғыларын, жиынтық трансформаторлық қосалқы станцияларын, стандартты және стандартты емес тарату шкафтарын өндірумен айналысады. Ал олар жабдықтаған шеберхана студенттердің энергетикалық жүйелерді автоматтандыру және реле қорғанысы бойынша өзекті дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік береді.

«Legrand ProLab – Болашақ маман» шеберханасы

Екінші жаңа оқу кеңістігі — «Legrand» ЖШС-нің қолдауымен іске асырылды. Legrand — тұрғын үй, коммерциялық және өнеркәсіптік нысандарға арналған электрожабдықтары мен құрылымдық кабельдік жүйелердің халықаралық деңгейдегі өндірушісі және жеткізушісі.

Legrand өндіретін жабдықтарды жобалау, монтаждау, іске қосу және сервистік қолдауды толық қамтып отырады. Жаңа шеберхана білім алушылардың заманауи электромонтаж жұмыстарын меңгеруіне, цифрлық инфрақұрылым элементтерімен жұмыс істеу біліктілігін арттыруға бағытталған. Жаңа шеберханалардың ашылуы — дуалды оқыту жүйесін

күшейтудің, әлеуметтік серіктестік аясын кеңейтудің және техникалық мамандықтардың беделін арттырудың нақты қадамы. Колледж басшылығының айтуынша, мұндай оқу орталықтары студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, өндірістік ортаға бейімделуін жылдамдатады.

Алматы энергетика және электронды технологиялар колледжі алдағы уақытта да серіктес ұйымдармен бірлескен жобаларды жүзеге асырып, еңбек нарығына қажетті білікті мамандар даярлауды жалғастырмақ.

Гүлназ НҰРМАНОВА,
Алматы энергетика және
электронды технологиялар
колледжі директорының оқу ісі
жөніндегі орынбасары.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Аяжан ҚУАНЫШОВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ЖЫЛУЛЫҚ ПЕН ҮМІТТІҢ НЫШАНЫ

Алматы халықаралық акцияға айрықша үн қосты

Алматыда «Зорлық-зомбылыққа Ақарсы 16 күн» атты халықаралық акцияны қолдау мақсатында қаланың бір-қатар маңызды нысандары қызғылт-сары жарық берілді.

Халықаралық акцияны қолдау мақсатында Көктөбе телемұнарасы, Halyk Bank ғимараты, Тұңғыш Президент саябағы, LED-экрандар және қаланың бірнеше ірі нысандары осы ерекше түспен жарықтанды.

Қызғылт-сары – жылулық пен үміттің, қоғамдағы береке-бірліктің нышаны. Ол әрбір адамның құқығын қорғаудың маңыздылығын және зорлық-зомбылықтың кез келген түріне нөлдік төзімділік қағидатын еске салады.

Бұл қадам – қоғам назарын маңызды мәселеге аудартатын айқын белгі. Сондай-ақ, қиындыққа тап болған жандарға деген құрмет пен қолдауды білдіретін маңызды үндеу.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



Кедергісіз орта, тең мүмкіндік

«DEAF MADE» фестивалі таланттыларды біріктірді

Алматы технология және флористика колледжінің инклюзивті білім беру ресурстық орталығы ерекше іс-шара ұйымдастырды. Аталған орталықта Халықаралық саңыраулар күніне орай ІІІ Республикалық инклюзивті «DEAF MADE» фестивалі өтті. Президенттің бастамасымен 2025 жылдың «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялануы бұл фестивальдің мәнін тіпті де тереңдете түсті. Тыныштыққа үйренген жандардың өз өнерін өзгеше әдіспен жеткізуі көрерменнің жүректерін тербетті.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Іс-шара тек шығармашылық емес, техникалық және жұмысшы мамандықтарды меңгеріп жүрген есту қабілеті бұзылған жастардың әлеуетін танытатын алаңға айналды. Мұнда олардың өнері ғана емес, еңбекке деген ынтасы, мамандыққа деген талпынысы да айқын көрінді.

Фестивальге еліміздің түрлі өңіріндегі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарынан келген студенттер жиналды. Үш жыл қатарынан өткізіліп келе жатқан бұл мәдени іс-шара бір жағынан өнер до-

дасы, енді бір жағынан инклюзияның нақты көрінісі. Кедергісіз орта, тең мүмкіндік, шығармашылық еркіндік – фестивальдің басты қағидаттары. Сахнада үнсіздікке толы, бірақ жүрекке жақын тағы бір әлем ашылғандай болады. Әр нөмір – эмоция, жан айқайы, қуаныш пен жігердің синтезі. Қол қимылдары сөйледі, дене тілінен әуен сезілді.

– Бүгін біз есту мүмкіндігі шектеулі жандардың бойындағы ерекше талантты, шексіз шығармашылықты және жігерлі мінезді көпшілікке кеңінен көрсету үшін бас қосып отырмыз. Инклюзивті орта қалыптастыру – қоғамның да-

муының басты көрсеткіштерінің бірі. Сол себепті, мұндай іс-шаралар әр адамның қабілеті мен мүмкіндігіне жол ашып, өз орнын табуына мүмкіндік береді, – деді Алматы технология және флористика колледжінің директоры Анарбек Нұрымбетов. Оның айтуынша, фестивальге қатысқан талантты жандардың батылдығы мен шынайылығы барша адамға шабыт береді.

Фестивальдің алғашқы бөлімі «Біздің бренд» деп аталып, онда қатысушылардың өзін-өзі таныстыруы. Студенттер өз командаларының мінезін, өмірге көзқарасын, ұлттық болмыс пен заманауи трендтерді шығармашылық бейнебаяндар арқылы көрсетті. Екінші кезең халық биі, төртіншісі ым-ишарамен ән айту кезеңі болды. Және фестивальдің соңғы бөлімі – «Заманауи этно-стиль» мода театры. Студенттер өздері әзірлеген этникалық элементтері бар заманауи киім үлгілерін паш етті.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ



«СПОРТ – ДОСТЫҚ АЛАҢЫ»

Ардагерлер таңғы жаттығуға шықты

Медеу ауданында «Спорт – достық алаңы» флешмобы өтті. Іс-шараны аудан әкімдігі мен Ардагерлер кеңесі бірлесе отырып, «Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырды.



Нұрлан
СҮЙІН

Демалыс күнін сергітетін таңғы жаттығудан бастаған флешмобқа бес жүзге жуық адам қатысады деп жоспарланды. Бағдарлама өте мазмұнды: үстел теннисі, қол күресі, скандинавтық жүріс, кір көтеру, арқан тарту, скакалкамен секіру секілді спорт түрлері қамтылған. Таэквондодан шеберлік сабағы көрсетіліп, қатысушыларға су мен таңғы кофе ұсынылды.

Шевченко көшесіндегі Ғалымдар үйінің алдындағы алаңға тұрғындар көп жиналды. Белсенді қатысушыларға арнайы сыйлықтар мен естелік приздер табысталды.

Ардагерлерді қолдауға ауданның жастары да келді. Қазақ аграрлық университеті мен Абай университетінің студент-

тері флешмобқа ерекше серпін берді. Ардагерлер де ешбір сайыстан қалыспай, өз мүмкіндіктерін көрсетті.

Медеу ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Алмас Тілеубаев флешмобтың маңызын атап өтті:

– Бүгінгі іс-шара ардагерлердің бастамасымен, жастардың қолдауымен өтіп жатыр. «Спорт – достық алаңы» аясындағы бұл акцияға үлкені бар, кішісі бар тұрғындардың қатысуы қуантады. Салауатты өмір салты – әр адам үшін маңызды. Ауданымызда төрт «Ұзақ өмір сүру» орталығы бар, әрқайсысында 100–150 ардагер тіркелген. Бүгінгі шараға қатысқан ең үлкен ардагеріміз – 86 жаста, – деді ол.

Расында, Медеу ауданының ардагерлері белсенділігімен үлгі көрсетіп келеді. Ал жастар – оларды әрдайым қолдап, серіктес болуға дайын.



Суретті түсірген автор.